

СЫН - ПІКІР

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Әбенова Әсем Жандарбекқызының «Қазақстанда таралатын құтыру вирусының штаммдарын молекулалық-генетикалық талдау» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің сын - пікірі

Әбенова Ә.Ж.-ның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының аумағында айналымда жүрген құтыру вирусы изоляттарына молекулалық-генетикалық талдау жүргізу мәселелеріне арналған.

Ел аумағында таралған құтыру вирусының антигендік алуантүрлілігі жеткілікті деңгейде зерттелмеген, бұл бағытта әрі қарай зерттеулер жүргізудің қажеттілігін туындатады. Соңғы уақытта көптеген мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда да, құтырудың алдын алу мақсатында әлсіретілген штаммдардан жасалған тірі вакциналар қолданылып келеді. Осыған байланысты молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады, себебі олардың нәтижесінде құтыру вирусының далалық изоляттарын вакциналық штаммдардан ажыратуға мүмкіндік туады. Сонымен бірге алынған нәтижелер құтыру вирусының Еуразия күрлығы бойынша таралуы мен алуантүрлілігін зерттеуде белгілі генотиптер мен филогенетикалық ресурстарды толықтырады. Сондықтан жобаны орындау барысында алынған нәтижелер эпидемиологиялық және эволюциялық талдаулар үшін маңызды.

Әбенова Әсем Жандарбекқызының жұмысы құтыру вирусының генетикалық алуантүрлілігін анықтауға және мониторинг пен профилактика әдістерін әзірлеуге бағытталған. Зерттеу шеңберінде келесі негізгі нәтижелер алынған:

- Қазақстан Республикасының түрлі облыстарынан патологиялық материал (құтырумен ауырған жануарлардың бас миы) жиналды;
- расталған «құтыру» диагнозы бар жануарлардың бас миы суспензияларынан бөлінген РНҚ үлгілеріне кері транскрипция реакциясы жүргізіліп, кДНҚ үлгілерінің коллекциясы құрылды;
- құтыру вирусының 31 изолятындағы N және G гендері фрагменттерінің нуклеотидтік тізбектері анықталды;
- вирус изоляттарының 31 толық геномдық нуклеотидтік тізбегі алынды;
- Қазақстан аумағынан бөлінген 31 вирус изоляттарының нуклеотидтік тізбектеріне филогенетикалық талдау жүргізіліп, дендрограммалар жасалды;
- ГИС технологиялары негізінде құтыру вирусының генетикалық варианттарының аумақтық таралуын көрсететін электрондық карталар әзірленді;
- Қазақстан аумағынан бөлінген құтыру вирусы изоляттарының геном нуклеотидтік тізбектерінің деректер банкі құрылды;

- құтыру вирусы изоляттарына жүргізілген молекулалық-биологиялық талдаулар нәтижелерінің негізінде Қазақстанда құтырудың алдын алу шараларының кешені әзірленді.

Зерттеу нәтижелері нақты әрі жүйелі түрде баяндалған, қойылған міндеттер дұрыс тұжырымдалған, алынған қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелді, ұсыныстар негізделген. Жұмыста заманауи теориялық және эксперименттік зерттеу әдістері қолданылған. Сонымен қатар ұсынылған әзірлемелердің практикалық маңызы зор.

Менің пікірімше, Әбенова Әсем Жандарбекқызының жұмысы докторлық (PhD) диссертацияға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және «8D09101 – Жануарлардың ветеринарлық саулығы» БББ бойынша PhD дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынылады.

Ветеринария ғылымдарының
докторы, профессор



«Сеіфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Абдрахманов С.К.

қолын растаймын:

Ғалым - хатшы

Аманжол Әріпбаев